

ӘОЖ 619:616.24-002.153:636.3

Бакытжанова Б. М.¹, магистрант

Жубантаева А. Н.², ветеринария ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Жубантаев И. Н.³, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

¹ Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ, ҚР

² Батыс Қазақстан инновациялық-техникалық университеті, Орал қ, ҚР

³ Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ, ҚР

ҚОЗЫЛАРДЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ БРОНХОПНЕВМОНИЯСЫ КЕЗІНДЕ ӘР ТҮРЛІ ЕМДІК СЫЗБАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақалада созылмалы бронхопневмониямен ауыратын қозыларды емдеу кезінде әр түрлі зерттеу нәтижелерінің сызбасы көрсетілген. Ақжайық етті-жүнді тұқымды қой өсіретін Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың асыл тұқымды шаруашылығы жағдайында созылмалы бронхопневмониямен ауыратын қозыларға бициллин-3 бұлшық етке сульфадимезинпен кешенді түрде ішке енгізу барысында емдеудің тиімділігі көрсетілген.

Түйін сөздер: ақжайық етті-жүнді қой, қозы тұқымы, дәрі-дәрмектер, бұлшық ет ішіне, интратрахеальды, бронхопневмония

Ауыл шаруашылығы мамандарының басты мақсаты мал басының санын ұлғайту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және олардың сапасын жақсарту болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жету үшін барлық қорларды жаңашаландырып, мал шаруашылығы, соның ішінде жұқпалы емес аурулардан зардап шегетін қой шаруашылығындағы шығындарды азайту негізгілерінің бірі. Жалпы шығындардың 94% жұқпалы емес аурулар болса, соның ішінде 34% тыныс алу аурулары [1,2,3].

Бірақ, соған қарамастан, жануарлардағы пневмония ауруы әлі де толық зерттелмеген. Олардың этиологиясы мен патогенезіне қатысты сұрақтар толық қарастырылмаған, ауру жануарлардың зат алмасуында болатын өзгерістер де зерттелмеген.

Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы нақты шаруашылық жағдайында тиімді емдеу сызбасын қажет етіп, ауру жануарлардың ағзасында зат алмасудың дұрысталуына, өкпенің тыныс алу қызметінің қалпына келуіне әсер етер еді.

Тәжірибелік зерттеулер ақжайық етті-жүнді қой тұқымын өсіретін Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың асыл тұқымды шаруашылығында созылмалы бронхопневмониямен ауырған 6-7 айлық қозыларға жүргізілді. Бұл үшін біз 5 мал басынан тұратын 3 топ құрдық. Алғашқы екі топ тәжірибе жүргізуге, ол үшінші топ бақылау ретінде құрылды. Тәжірибе жүргізуге 15 қозы алынды.

Бес мал бас санынан тұратын тәжірибелік ауру қозылардың алғашқы тобын бициллин-3 бұлшық етке 5 мың мөлшерінде енгізу арқылы емдедік. 1 кг тірі массаға БІРЛІК есебінде. Бициллин-3 бес күн сайын 3 рет енгізілді. Сульфадимизді 0,5 г мөлшерінде ішке енгізіліп отырылды. Үш рет 6 күн сайын. Сондай-ақ, алты күн бойы 0,5 мл мөлшерінде бұлшық етке тривитаминді жіберілді. 5 мал бас санынан тұратын тәжірибелік қозылардың екінші тобын профессор П.С.Ионованың әдістемесі бойынша 8 күн емдедік. Бұл үшін ауру қозыларды арнайы дайындалған астауларға арқасының бүйір жағына қаратып, орналастырылды.

Бензилпенициллинді енгізу алдында «қатырықты» түсіру үшін рефлекторлы түрде жөтел шақырып, трахеяның кілегейлі қабығын жаңсыздандыру үшін новокаиннің 0,5% жылы ертіндісін 5 мл мөлшерінде енгізіп, содан соң 4-5 минуттан кейін 250 мың мөлшерінде бензилпенициллин жіберілді. 0,85% натрий хлоридінің физиологиялық ертіндісінің 38-39⁰С температурасындағы БРЛПГІ. Біз бензилпенициллинді интратрахеальды түрде оң және сол жағынан кезектестіріп, жіберіп отырдық. Сонымен қатар, бірінші топтағы тәжірибелік жануарларға әр алты күн сайын 0,5 мл мөлшерінде бұлшық етке тривитаминді жіберілді.

Созылмалы бронхопневмониямен ауыратын барлық тәжірибелік қозыларды емдеу кезінде ең алдымен күтіп-бағу және азықтандыру жағдайын жақсарттық. Ауру қозыларды сау қозылардан бөлек ұстап, қой қорасына жақын жерге серуендеуге шығарылды. Оларға балауса шөп берілді. Астауларына әрдайым таза су болды. Ыстық күндері күн өтуден сақтау үшін оларды арнайы көлеңкеленген жерлерде ұсталды.

Зерттеулерді жалпыға белгілі әдістер бойынша: қарау, пальпациялау, перкуссиялау, аускультациялау және термометрия арқылы жүргізілді.

Сонымен қатар клиникалық-зертханалық зерттеулер кезінде қозылардың жұқпалы емес бронхопневмониясын шығу тегі бойынша паразитарлы бронхопневмониядан ажыраттық. Ол үшін біз барлық ауру қозыларды зерттеуден бұрын диктокаулезге «Республикалық ветеринарлық зертхана» БҚО филиалында зерттеген болатынбыз.

Қан алуды жануарларды азықтандырмаз бұрын танертеңгі уақытта өткіздік. Қанды асептика және антисептика ережелерін қатаң сақтап күре тамырдан алдық. Зертханалық жұмыстар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Жұқпалы емес аурулар және морфология» кафедрасында (гематологиялық анализатор ВС-2800Vet көмегімен) жүргізілді.

Емдеу жүргізгеннен кейін жалпы топтың қанын зерттеу барысында (1-кесте) гемоглабин саны 8,7-ден 11,5 г/% мөлшерінде жоғарлағанын көруге болады. Лейкоциттер саны мүлде өзгермеген. ЭШЖ көрсеткіштері бір сағат ішінде 19,2-ден 17,2-ге дейін төмендеді. Көптеген қозыларда гемограммада нейтрофильдер санының төмендегенін, лимфоцит пен эозинофильдердің өскенін байқауға болады (2-кесте). Гемограмманың және ЭШЖ мұндай өзгерістері аурудан жазылып келе жатқанын көрсетеді.

Бірақ, №1 қозыны клиникалық зерттеу барысында жалпы жағдайы жақсарып, ал өкпеде бұрынғыша әлсіз құрғақ қырылдар естілді. ЭШЖ жылдамдады. Бұл мәліметтер қозылардың клиникалық түрде толық жазылмағанын көрсетті.

Соған байланысты, бициллин-3 бұлшық етке енгізу барысында қозылардың 80% жазылып, ал 20%-ның жалпы жағдайы жақсарды.

1 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауырған қозыларды бициллин-3-пен емдеу алдындағы және емдеуден кейінгі эритроциттер, гемоглабин, лейкоциттер санының және ЭШЖ өзгерісі

№	Эритроциттер саны, млн/мкл	Гемоглобин, г/100 мл	Лейкоциттер саны тыс/мкл	ЭШЖ, мм			
				15 мин.	30 мин.	45 мин.	60 мин.
1.	8,1	9,0	11,6	4,0	7,0	12,0	16,0
	5,0	11,0	16,6	3,0	6,0	10,0	13,0
2.	9,0	9,8	8,1	4,0	7,0	11,0	15,0
	7,6	15,0	9,6	8,0	11,0	15,0	18,0
3.	8,0	9,8	10,0	6,0	10,0	13,0	17,0
	8,1	11,4	9,0	3,0	7,0	10,0	14,0
4.	6,6	5,8	13,8	11,0	17,0	24,0	30,0
	5,7	7,4	8,7	5,0	11,0	15,0	21,0
5.	8,8	9,2	9,4	5,0	8,0	12,0	18,0
	7,9	13,0	8,7	6,0	12,0	16,0	20,0
M±m	8,1±0,40	8,7±0,53	10,5±0,65	6,0±0,92	9,8±1,27	14,4±1,63	19,2±1,92
	6,8±0,45	11,5±0,89	10,5±1,00	5,0±0,61	8,14±0,94	13,1±0,93	17,2±1,13

Ескерту: жоғарыдағы – бициллин-3 – ті енгізу алдында; төмендегі – бициллин-3 – ті енгізуден кейінгі

Қозыларға бензилпеницилинді интратрахеальді енгізу арқылы емдеу кезінде көптеген жануарлардың жалпы жағдайының жақсарғандығын байқауға болады. Қозылардың жөтелдері бәсеңдеді. Бір қозының дене температурасы 40,4⁰С-қа дейін көтеріліп, өкпесіндегі қақырық кетті.

Барлық топтың қанын зерттеу барысында эритроциттер мен гемоглабиндердің құрамының орташа көрсеткішінің жоғарылағанын (сәйкесінше 7,2 бастап 7,5 дейін және 7,8 бастап 11,4 дейін), ал лейкоциттер саны 11,9-дан 10,01-ке дейін азайғанын байқауға болады (3-кесте). ЭШЖ көрсеткіштері 33,4-ден 22,2 мм дейін төмендеді. Гемограммамен анықтау барысында көптеген қозылардың нейтрофилдері төмен, ал лимфоциттері жоғарылады (4-кесте). Жоғарыда көрсетілген қандағы өзгерістер ауру қозылардың организміне антибиотиктердің оң әсер еткенін және аурудан сауығып келе жатқанын көрсетеді.

2 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауырған қозылардың бұлшық етіне бициллин-3 енгізу алдында және енгізуден кейінгі лейкоцитарлық формуланың өзгерісі

№	Б	Э	Нейтрофилдер			Л	Мон
			Ю	П	С		
1.	-	0,4	0,8	5,0	41,0	49,0	3,8
	1,2	4,8	0,3	4,7	51,1	33,6	4,3
2.	0,2	0,3	0,9	7,3	39,0	48,0	4,3
	1,0	4,6	0,5	4,9	50,4	34,5	4,1
3.	-	0,5	0,7	6,0	36,0	51,8	5,0
	0,8	5,0	0,4	4,5	46,7	38,6	4,0
4.	0,1	0,7	0,7	8,0	44,8	41,6	4,1
	1,3	4,5	0,2	4,6	51,2	33,8	4,4
5.	0,3	0,6	0,6	6,2	42,0	45,2	5,1
	1,2	4,7	0,3	4,8	50,1	34,7	4,2
M±m	0,1±0,003	0,5±0,07	0,7±0,05	6,5±0,52	40,5±4,47	47,1±1,73	4,5±0,25
	1,1±0,09	4,7±0,08	0,3±0,05	4,7±0,7	49,9±0,83	35,0±0,91	4,2±0,7

Ескерту: жоғарыдағы – бициллин-3 бұлшық етке енгізу алдында;
төмендегі – бициллин-3 бұлшық етке енгізуден кейінгі

3 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауырған қозыларға бензилпеницилинді интратрахеальді енгізу алдында және енгізуден кейінгі эритроциттердің, гемоглобин, лейкоциттердің санының және ЭШЖ өзгерісі

№	Эритроциттер саны, млн/мкл	Гемоглобин, г/100 мл	Лейкоциттер саны тыс/мкл	ЭШЖ, мм			
				15 мин.	30 мин.	45 мин.	60 мин.
1.	6,1	9,4	16,5	7,0	14,0	18,0	23,0
	6,4	12,4	13,4	8,0	19,0	27,0	36,0
2.	7,9	7,2	8,2	10,0	30,0	45,0	52,0
	8,4	9,7	9,2	4,0	7,0	12,0	18,0
3.	8,1	8,4	12,4	5,0	21,0	33,0	42,0
	8,5	8,3	8,8	4,0	9,0	13,0	18,0
4.	7,8	7,6	11,8	4,0	10,0	16,0	22,0
	8,2	8,3	8,2	5,0	9,0	14,0	19,0
5.	6,1	6,4	10,6	8,0	16,0	23,0	28,0
	6,3	9,2	10,6	5,0	10,0	15,0	20,0
M±m	7,2±0,20	7,8±0,18	11,9±0,91	6,8±0,75	18,2±2,38	27,0±3,80	33,4±3,97
	7,5±0,23	11,4±0,67	10,04±0,650	5,2±0,52	10,8±1,48	16,2±1,92	22,2±2,40

Ескерту: жоғарыдағы – бензилпеницилинді интратрахеальді енгізу алдында;
төмендегі – бензилпеницилинді интратрахеальді енгізуден кейінгі

Бірақ, №6 қозыны клиникалық зерттеу барысында басқа қозылармен салыстырғанда жалпы жағдайы нашар болды. №6 қозының ЭШЖ басқа қозыларға қарағанда жылдамдады. Өкпесінде құрғақ қырыл естілді. №6 қозының лейкоциттер саны 16,5-тен 13,4 дейін азайып, аз ғана лейкопения байқалды.

4 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауырған қозыларға бензилпенициллинді интратрахеальді енгізу алдында және енгізуден кейінгі лейкоцитарлық формуланың өзгерісі

№	Э	Нейтрофилдер				Л	Мон.
		М	Ю	П	С		
1.	0,6	-	0,8	9,0	55,0	28,0	6,6
	4,8		0,3	4,7	49,6	35,1	4,3
2.	0,5	-	0,9	7,0	57,7	28,3	5,6
	5,0		0,2	4,6	49,0	35,6	4,6
3.	0,4	-	0,8	8,4	55,6	28,3	6,5
	4,9		0,5	4,5	49,7	35,1	4,4
4.	0,7	-	0,7	9,8	54,5	27,5	6,8
	4,7		0,4	4,8	48,2	36,3	4,5
5.	0,6	-	0,7	8,8	54,9	29,0	6,0
	4,8		0,2	4,7	49,7	35,1	4,2
M±m	0,5±0,05		0,7±0,05	8,6±0,46	55,5±0,57	28,2±0,24	6,3±0,21
	4,8±0,05		0,3±0,06	4,7±0,05	49,2±0,29	35,4±0,23	4,4±0,07

Ескерту: жоғарыдағы – бензилпенициллинді интратрахеальді енгізу алдында; төмендегі – бензилпенициллинді интратрахеальді енгізуден кейінгі

Осыған байланысты, бензилпенициллинді интратрахеальді енгізу барысында қозылардың 80% клиникалық жағынан сауықты.

5 мал бас санынан тұратын бақылау тобындағы ауру қозыларды бөлек ұстады. Күтіп-бағу, ұсталуы және азықтандыруы тәжірбелік топтағы жануарлардікі сияқты болды. Бұл топқа ешқандай емдеу жұмыстары жүргізілмеді. Бақылау тобындағы қозылардың қанының көрсеткіші 5, 6 кестеде көрсетілген.

Тәжірибе кезінде сәйкес келетін емдеу әдістері жүргізілмегендіктен көптеген қозылардың жалпы жағдайы нашарлады. Танауының келігейлі қабығы көгерген. Танау қуысынан кілегейлі-іріңді сұйықтық көп бөлініп, жөтел күшейді. Өкпені аускультациялау кезінде құрғақ қырылды, ал перкуссияда байқалатын ошақтарының тұнықтылығы естілді.

5 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауыратын бақылау тобындағы қозылардың эритроциттер, лейкоциттер, гемоглобин санының және ЭШЖ мәліметтері

№	Эритроциттер саны, млн/мкл	Гемоглобин, г/100 мл	Лейкоциттер саны тыс/мкл	ЭШЖ, мм			
				15 мин.	30 мин.	45 мин.	60 мин.
1.	9,3	9,2	15,1	4,0	9,0	13,0	17,0
2.	9,3	8,0	15,0	5,0	9,0	12,0	17,0
3.	5,6	7,3	8,6	5,0	9,0	15,0	21,0
4.	8,3	8,1	8,2	6,0	12,0	17,0	23,0
5.	8,5	7,8	8,6	4,0	9,0	14,0	19,0
M±m	8,2±0,48	8,08±0,21	11,1±0,99	4,8±0,19	9,6±0,42	14,2±0,61	19,4±0,82

6 кесте – Созылмалы бронхопневмониямен ауыратын бақылау тобындағы қозылардың тәжірибе жүргізу алдындағы лейкоцитарлық формуланың мәліметтері

№	Б	Э	Нейтрофилдер				Л	Мон.
			М	Ю	П	С		
1.	-	0,4	-	0,8	5,9	39,6	48,5	4,8
2.	0,2	0,3	-	0,7	6,0	41,0	47,1	4,7
3.	0,1	0,5	-	0,9	6,5	41,9	45,6	4,5
4.	-	0,6	-	0,8	8,0	40,0	46,0	4,6
5.	-	0,5	-	0,7	7,0	39,8	47,1	4,9
M±m	0,06±0,03	0,5±0,05		0,8±0,03	6,7±0,38	40,5±0,43	46,9±0,51	4,7±0,07

Осыған орай, қозылардың созылмалы бронхопневмониясы кезінде бициллин -3 5 мың мөлшерінде бұлшық етке енгізу тиімді әсер ететінін көрсетті. Сульфадимезинді кешенді түрде 1 кг тірі массасының бірлігіне енгізілді. Бензилпенициллинді 0,85% натрий хлоридінің физиологиялық ерітіндісін интратрахеальді енгізу тиімді екендігін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бусыгина О.Г. Терапевтическая эффективность иммуностимулирующих препаратов при бронхопневмонии телят / О.Г. Бусыгина, К.Х. Папуниди // Современные проблемы ветеринарной фармакологии и токсикологии: мат. 2-го съезда ветеринарных фармакологов и токсикологов России. – Казань, 2009. – С. 56-59.
- 2 Позов С.А. Показатели крови поросят при бронхопневмонии / С.А. Позов, М.Г.Стаматов // «Ветеринария». – Москва, 2006. – № 10. – С. 60-62.
- 3 Позов С.А. Эффективность прополиса при бронхитах у поросят /С.А. Позов, Н.Г.Марутянц // Молодые аграрии Ставрополя: сб. науч. тр. Ставроп. ГАУ. – Ставрополь «АГРУС», 2003. – С. 45-46.

РЕЗЮМЕ

Результаты испытания различных схем лечения ягнят, больных хронической бронхопневмонией, показали, что наибольшей эффективностью при этом заболевании обладает схема лечение ягнят внутримышечным введением бициллина-3 в дозе 5 тыс. ЕД на 1 кг живой массы 3 раза через каждые 5 дней. Высокая эффективность, удобство для обработки позволяют, без сомнения, рекомендовать эту схему лечения для широкого применения в ветеринарной практике племенного хозяйства ЗКАТУ им. Жангир хана по разведению акжайкской мясо-шерстной породы овец при хронической бронхопневмонии ягнят.

RESUME

The results of testing various treatment schemes of lambs cause with bronchopneumonia shows that the most effective treatment schemes was intramuscle enjection of bicillin-3 in 5000 unit of measure to 1kg of live weight 3 times into 5 days. The high efficiency, convenience for disinfection gave us to recomenol without loubt this scheme. To widely use on Akzhaiyk meat-wool bread sheep in breeding lambs of Zhangir Khan WKATU bronchopneumonia which will effectively perform light against with this desease.